

Ең төмен әлеуметтік стандарттың үлгілік нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 1 наурыздағы № 17 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 3 наурызда № 27012 болып тіркелді

"Ең төмен әлеуметтік стандарттар және олардың кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған ең төмен әлеуметтік стандарттың үлгілік нысаны бекітілсін.
2. Әлеуметтік саясат және мемлекеттік органдарды дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі

A. Куантров

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сактау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Каржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлі

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 1 наурыздағы
№ 17 бұйрығымен
бекітілген

Ең тәмен әлеуметтік стандарттың үлгілік нысаны

Ең тәмен әлеуметтік стандарт

"_____ "

(ең тәмен әлеуметтік стандарттың толық атауы)

1. Ең тәмен әлеуметтік стандартты өзірлейтін және бекітетін орталық мемлекеттік органның атауы: _____
2. Нормалар/нормативтер бойынша ең тәмен әлеуметтік стандартқа құқығы бар тұлғалардың санаттары: _____

3. Ең тәмен әлеуметтік стандарттың нормалары мен нормативтері:

№ р/с	Норманың/ нормативтің атауы	Норманы/нормативті реттейтін нормативтік құқықтық акт	Норманың/ нормативтің мөлшері
1	2	3	4